

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 1-сі

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы – Ректор
А. Сақенов
« 01 » « 09 » 2023 ж.



УЕ-02-03-03
**СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Түркістан, 2023

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:


Ғылыми-зерттеу орталығының басшысы



Т. Абдрасилов
«01» 09 2023 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор




К. Адилова
«01» 09 2023 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«01» 09 2023 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А. Ермухамедова
«01» 09 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	4
2. Нормативті сілтемелер	4
3. Қысқартулар	4
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Жалпы ережелер	5
6. Студенттердің ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру	6
7. Студенттік ғылыми жұмысты ынталандыру жүйесі	7
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі	8
9. Келісу, сақтау және тарату	8
10. Өзгерістерді тіркеу парағы	9
11. Танысу парағы	10
12. Қосымшалар	11

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 4-сі

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – СҒЗЖ) бірыңғай білім беру процесінің құрамдас бөлігі ретінде «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) оқу-тәрбие, ғылым және тәжірибе жүзінде білікті мамандарды даярлаудың міндетті, ажырамас бөлігі болып табылады.

1.2 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының ережесі (бұдан әрі – Ереже) Университетте кәсіби, ғылыми және техникалық міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті білікті мамандарды оқыту мен даярлаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

1.3 СҒЗЖ болашақ мамандардың Университетте алған білімдерін, біліктіліктері мен дағдыларын шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруға дайындығын қалыптастырады, ғылыми қызмет әдіснамасының негіздерін игеруге, зерттеу тәжірибесін қолдануға көмектеседі.

1.4 Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту олардың әлеуетін ғылым мен техниканың әртүрлі салаларындағы өзекті мәселелерді шешу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Ғылым туралы заңы;
- «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулы;
- Университет Жарғысы.

3 ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылды:

Университет – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

Ереже – студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі;

ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;

СҒЗЖ – Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы;

ЖОО – Жоғары оқу орындары.

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Осы Ереже Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және қарастырылады.

4.2 Осы ереже Университет Ректоры тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен Ғылыми-зерттеу орталығы айналысады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 5-сі

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсаттары:

- инновациялық дамыған қоғам үшін креативті ойлай білетін және тез өзгертін сыртқы орта жағдайында негізделген және тұжырымды шешімді қабылдай білетін жоғары білікті маман дайындау;
- СҒЗЖ профессорлар-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОК) мен студенттердің шығармашылық өзара қарым-қатынасы арқылы дамыту;
- студенттердің ғылыми зерттеулері арқылы ғылым және тәжірибелік процесстердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету;
- зерттеудің ғылыми әдістерін меңгеру жолымен кәсіби шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру.
- Университетің әрбір білімгерінің шығармашылық дамуға деген өз құқығын жүзеге асыруға, ғылыми зерттеулерге және ғылыми-техникалық жобаларға қатысуға мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін - әрқайсысының қажеттіліктеріне, мақсаттары мен мүмкіндіктеріне сәйкес толық, тең әрі қол жетімді жағдай жасау және дамыту;
- кәсіби білімдері мен тәжірибелік дағдыларын, этикалық талаптар туралы хабардар болуын және ғылыми зерттеулердің этикалық сараптамасының студенттер үшін маңыздылығын жетілдіру.
- студенттер үшін ғылыми зерттеулердің кәсіби білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіру.
- студенттерді заманауи зерттеу жұмыстарының принциптері мен әдістеріне, оның ішінде зерттеуді дайындау және жүргізуге, ғылыми жұмыстарды жазуға және жариялауға дайындауға үйрету.
- зерттеу нәтижелерін презентациялау және ғылыми пікірталастың ұтымды әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.
- ақпаратты іздеу және негізгі ғылыми құжатты құрастыру дағдыларын дамыту.

5.2 Қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі міндеттерді шешу жолымен жүзеге асырылады:

- СҒЗЖ қатысу формасын таңдау құқығын беру және анықтау;
- Мектептің ғылым, білім беру бағытымен студенттің қызығушылығының тығыз байланысын орнату және оқытушымен шығармашылық байланысын нығайту;
- Туризм, қонақжайлылық және спорт ғылымының соңғы жетістіктерінің ақпараттарын іздеу, ғылыми зерттеуді жоспарлау, ғылыми мақаламен жұмыс істеу, ғылыми ұсыныстарды (жобаларды) дайындау және ресімдеу, мәліметтерді статистикалық өңдеудің негізгі әдістерін қолдану, негізгі ғылыми құжаттарды құрастыру дағдыларына үйрету;
- Библиографиялық жұмыс дағдыларын, ғылыми әдебиетпен, электронды базалармен және басқа да ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- Этикалық норма дағдыларын дамыту, зерттеудің ғылыми толықтығына және оның шынайылығына, мазмұнды және тәжірибелік пайдалылығына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
- Ғылыми зерттеулердің этикалық сараптамасы бойынша студенттеріге үйрету семинарларын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 6-сі

6 СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары тікелей мектептерде жүргізіледі.

6.2 Әрбір мектеп осы Ережеде тұжырымдалған СҒЗЖ мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, студенттің жеке қалауы мен бейімін ескере отырып әрбір студенттің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу формасын анықтайды және нақтылайды.

Төменгі курс студенттері таңдаған бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары курсқа өткенде жалғастыруларына құқы бар.

6.3 Студенттердің ғылыми жұмыстарының жетекшілерін мектеп мәжілісінде анықтайды және бекітеді.

6.4 Әр семестрде мектептерде студенттердің ғылыми жұмыстарының нәтижелері туралы хабарламаларды тыңдайтын *жоспарлы ғылыми семинарлар* өткізілуі тиіс, мұндай семинарлар студенттерде ғылыми хабарламаларды дайындау, өздерінің зерттеу нәтижелерін қорғау және баяндау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6.5 Студенттің орындаған зерттеу жұмысы туралы есеп ретінде келесілер ескеріледі:

- зерттеу бағыттары бойынша модель, макет, бизнес план және т.б.;
- университет деңгейіндегі студенттік ғылыми байқауларды, конференцияларда, олимпиадаларда баяндама жасау;
- қалалық деңгейдегі студенттік ғылыми байқауларда, конференцияларда, олимпиадаларда баяндама жасау;
- республикалық, халықаралық деңгейдегі конференцияларға ғылыми жұмысының нәтижелері бойынша баяндамамен, постерлік баяндамамен қатысу;
- ғылыми мақала, тезис (ғылыми басылымдарда жариялау).

6.6 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсендіру мақсатында жыл сайын ұйымдастырылып өткізілетін іс-шаралар:

6.6.1 Жыл сайынғы Қазақстан Республикасының ЖОО арасында болатын техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары Республикалық байқауы жоғары оқу орындарының базасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен жыл сайын жүргізіледі. СҒЗЖ республикалық байқауы 3 кезең бойынша өтеді:

- 1) бірінші кезең – ЖОО ішілік (Университет ұйымдастыруымен өткізіледі);
- 2) екінші кезең – базалық ЖОО-лар;
- 3) үшінші кезең – (қорытынды) республикалық.

Бірінші кезеңнің өткізілу мерзімі (ЖОО ішілік) ЖОО ректорының бұйрығымен қазан мен 1 қаңтар аралығында белгіленеді, екінші кезең (базалық ЖОО-ларда) қаңтар мен 1 сәуір аралығында өтеді, ал үшінші кезеңнің (республикалық) өткізілетін мерзімі – сәуір мен маусым айының аралығы.

6.6.2 Байқауға жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық ғылымдар бойынша өзекті проблемалар мен басым бағыттар бойынша студенттің өз бетінше орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстары қатысады.

6.6.3 Байқауға СҒЗЖ байқауын ұйымдастыру мен өткізу бойынша құрылған комиссия жетекшілік жасайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 7-сі

6.7 Қазақстан Республикасының Ғылым Күні қарсаңында университеттің «Ғылым апталығы» аясында студенттердің ғылыми-зерттеу жобалар байқауын ұйымдастырылады және өткізіледі.

6.7.1 «Ғылым апталығы» аясындағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауын өткізу тәртібі және шарттары:

- Байқау ІІ турда өткізіледі;
- І тур мектептерде 20 ақпан мен 20 наурыз аралығында өткізіледі. І турдың ұйымдастырылуына және өткізілуіне жауапкершілік мектеп директорына және мектептің СҒЗЖ жауапты тұлғаға жүктеледі;
- І тур аяқталғаннан кейін мектептің СҒЗЖ жауапты тұлға байқаудың нәтижесі туралы хаттама мен есепті Ғылыми зерттеу орталығына 25 наурызға дейін өткізуі тиіс;
- СҒЗЖ байқауының ІІ турына І турда жүлделі орын (І орын – 1 студент, ІІ орын – 1 студент, ІІІ орын – 1 студент) алған студенттердің жұмыстары ұсынылады. ІІ турға өткен студенттер өз жобаларын Университет Ректорының бұйрығымен бекітілген комиссия мүшелерінің алдында 1-6 сәуір аралығында қорғайды. Комиссияның құрамына ПОҚ, Ғылыми зерттеу орталығының қызметкерлері, Жас ғалымдар мүшелері кіреді;
- ІІ турдың жеңімпаздарын жариялау және марапаттау 10-16 сәуір аралығында ұйымдастырылады;
- байқауға қатысу үшін мақалаларды, презентацияларды беру ережесі, баяндау регламенті осы Ережемен бекітіледі;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша студенттердің ғылыми жұмыстарының жинағында жарияланады;
- Мақалалар мен тезистердің ресімделуіне қойылатын талаптар осы Ережемен бекітіледі (Қосымша А, Б, В және Г).

7 СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

7.1 Студенттік ғылыми жұмыстың жұмыс істеуі мен дамуы студенттерді көтермелеу және ынталандыру шараларын қарастырады. Ынталандыру мен ынталандырудың негізгі нысандары:

- оқытудың әртүрлі кезеңдерінде пәндер, курстық жұмыстар және практикалар бойынша білімдерін бағалау кезінде СҒЗЖ орындау процесінде алынған нәтижелерді есепке алу;
- әр түрлі ұйымдар мен қорлар құрған мемлекеттік және атаулы стипендияларға ең дарынды студенттерді ұсыну және т.б.;
- білім алушылардың үздік ғылыми жұмыстарын конкурстарға, көрмелерге және жеңімпаздарды марапаттауды көздейтін басқа да ұйымдастырушылық-бұқаралық іс-шараларға ұсыну;
- әртүрлі республикалық және шетелдік ғылыми форумдарға, конференцияларға, семинарларға қатысу үшін іс сапарға жіберу;

7.2 СҒЗЖ-да қол жеткізген жетістіктері үшін студенттер құрмет дипломдарымен, сертификаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталып, беделді көрмелерге, конференцияларға, конкурстарға, олимпиадаларға қатысу үшін жіберу.

7.3 Студенттердің жетекшілігімен дипломдар мен марапаттарға ие болған кемінде үш ғылыми жұмыс орындалған ғылыми жетекші ректордың алғыс хатымен марапатталады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 8-сі

8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы ережені өзгерту, толықтыру және жою туралы шешімді Ректор белгіленген тәртіппен қабылдайды.

9.2 Осы Ережені әзірлеуді және өзектендіруді Ғылыми-зерттеу орталығы жүзеге асырады.

9.3 Осы Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақталады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 11-сі

Қосымша А

Мақалаларды ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Мақала А4 форматында компьютерде басылуы керек (1 дана), авторлары және ғылыми жетекшісінің қолдары болуы керек және кафедра меңгерушісі өз қолын қоюы керек.
2. Мәтін көлемі – 3 беттен аспау керек (абзац 1 см).
3. Жұмыстың аты (бас әріптермен, үш қатардан аспайтындай болуы керек), авторлары (ТАЖ, курсы, мектебі), ғылыми жетекшісі (ТАЖ, ғылыми дәрежесі, мектебі) көрсетіледі.
4. Мақалада зерттеу мақсаты және міндеттері, зерттеу объектілері, зерттеу әдістері, практикалық бөлігі, зерттеу нәтижелері, қорытынды және ұсыныстары, қолданылған әдебиеттер тізімі көрсетіледі.
5. Мақаланы мәтіндік файлда электронды тасымалдағышта (CD диск) беру керек.
6. Мақала мәтіні Times New Roman шрифтімен теріледі, шрифт мөлшері 12, интервалы 1,5, RTF, Microsoft Word форматында.
7. Электронды тасымалдағыштың сыртында бірінші автордың фамилиясы және файлдың аты көрсетілуі керек.
8. Тезистің электронды нұсқасы мен баспа мәтіні бірдей болуы керек.

Қосымша Б

Презентацияны ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Презентация .ppt или .pptx форматында ұсынылады.
2. Презентация 8 минуттық баяндауға есептелуі керек.
3. Слайдтар саны баяндау регламентімен шектеледі, 10-12 слайдтан аспау керек.
4. Презентацияда зерттеу мақсаты, зерттеу әдістері, зерттеу нәтижелері, қорытынды және ұсыныстары берілуі керек.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 12-сі

Қосымша В

«Ғылым күні» СҒЗЖ конкурсының I турындағы ғылыми жұмыстарды бағалау критеріі
Жұмыстың аты _____

№	Бағалау критеріі	Бағалау (балл)				
		1	2	3	4	5
1	Ұсынылған жобаның өзектілігі					
2	Ұсынылған жобаның жаңалығы					
3	Ұсынылған жобаның тәжірибелік маңыздылығы					
4	Ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану					
5	Күтіліп отырған нәтижелерінің жетістігінің негізділігі					
6	Ғылыми нәтижелерінің маңыздылық деңгейі					

Қорытынды _____

Комиссия мүшесі: _____
(ТАЖ, қызметі)

Күні _____
Қолы _____

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының ережесі		УЕ-02-03-03
Бекітілген 01.09.2023	Басылым № 1	13 беттің 13-сі

Қосымша Г

«Ғылым күні» СҒЗЖ конкурсының II турындағы ғылыми жұмыстарды бағалау критеріі

№	Бағалау критеріі	Бағалау (балл)				
		1	2	3	4	5
1	Тақырыптың өзектілігі және жаңалығы					
2	Баяндалатын материалды игеру дәрежесі және автордың жеке қатысуы					
3	Баяндау үйлесімділігі және жетімділігі					
4	Иллюстрация көлемі және олардың сапасы					
5	Техникалық құралдарды адекватты қолдануы					
6	Ораторлық сапасы, аудиториямен байланыс					
7	Регламентті сақтауы (11 минут: 8 минут презентация, 3 минут сұрақтарға жауап)					

Қорытынды _____

Комиссия мүшесі: _____
(ТАЖ, қызметі)

Күні _____
Қолы _____